

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ



№8
(7187)
жұма
30 қаңтар
2026 жыл

МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТИ

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moynqum.kz

moinkum_tani@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАРЖЫЛЫҚ МОНИТОРИНГ АГЕНТТІГІНДЕ ЖИЫН ӨТКІЗДІ



Президент сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, осыдан бес жыл бұрын, ел ішінде ауқымды өзгерістер қолға алынyp жатқан тарихи кезеңде құрылған Қаржылық мониторинг агенттігі өзіне жүктелген жауапкершілік пен міндетті абыроймен орындап келе жатқанына назар аударды.

Жалпы, осындай қысқа мерзім ішінде көп жұмыс істелді, біраз тәжірибе жинақталды. Бүгінде Қаржылық мониторинг агенттігі еліміздің экономикалық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқаратын дербес құрылымға айналды. Мұны табанды еңбек пен адал қызметтің нәтижесі деуге болады. Агенттік қызметкерлеріне ризашылығымыз білдіреміз. Бірақ босануға болмайды. Себебі алдымызда биік мақсаттар мен ауқымды жұмыс бар. Әсіресе, қазір өте қарқынды дамып жатқан цифрлық технология мен жасанды интеллект дәуірінде жұмысқа түбегейлі жаңа көзқараспен қарау міндетті түрде болуы керек. «Turkistan» газетіне берген сұхбатында және Ұлттық құрылтай отырысында анық айттым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құқық қорғау мекемелері, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыдан артта қалып қойса, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруі мүмкін деп санайды. Цифрлық тәсілдерді және жасанды интеллект жүйесін Агенттік қызметіне жаппай енгізу – кезек күттірмейтін аса маңызды міндет. Онысы тиімді жұмыс болмайтыны анық. Қазір күшті құрылымдар мен қылмыс әлемінің арасындағы күрес технологиялық тұрғыдан мүлде басқа сипатқа ие болды. Қарақшылар, яғни қылмыскерлер жасанды интеллектпен белсенді пайдаланатын болды. Оны сіздер жақсы білесіздер. Құқық қорғау мекемелері, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыдан артта қалып қойса, бұл жағдай ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруі мүмкін. Заман талабына сай озық болу үшін, ең алдымен, дүррис шешім қабылдап, тиімді әрекет етуіміз керек. Құқық қорғау органдары тиянақты, белсенді жұмыс істеп, озық цифрлық шешімдер арқылы елдегі өзгерістердің желден және сапалы іске асыуына септігін тигізуі мүмкін. Бұл ауқымды экономикалық жаңғыру жолына бет бұрған Қазақстан үшін өте маңызды қадам болмақ, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет қаржысын жымқыратын алаяқтармен күрестің маңыздылығына тоқталды. Біз елімізді дамытуға арналған қаражатты тиімді жұмсаудың амалын іздеп киналамыз. Бірақ соған қарамастан әлеуметтік салаға бөлінген

триллиондаған теңге қаржыны жымқыратын алаяқтар бар, тіпті, аз емес деп айтуға болады. Бұл – мүлде ақылға сыймайтын жағдай. Мұндай кеселді түп-тамырымен жою керек. Қаржыны криптовалютаға айналдырып, шетелге шығуға жағдайлары да азаймай тұр, ондай заңсыздыққа тосқауыл қою қажет. Мұндай теріс ахуал экономикаға орасан зор зардабын тигізуде. Түптеп келгенде, көлеңкелі экономикамен үзілді-кесілді күресу керек. Бұл да – өте өзекті, аса маңызды міндет. Қаржылық мониторинг қызметінің алдында тұрған міндет белгілі: бұл – мемлекет қаржысының тек қана ел игілігіне жұмсалынуы қадағалау. Осы маңызды міндеттің сапалы іске асуы сіздердің қызметтеріңізге тікелей байланысты, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекет Агенттік қызметкерлерінің тиімді әрі алаңсыз жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасап жатқанын атап өтті.

Қадрлық құрам ұлғайтып, нығая түсті, материалдық-техникалық қор жақсарды. Жалақы көтерілді, баспана берілді, жалпы, көптеген әлеуметтік мәселе шешімін тапты. Керек болса, Агенттік жүйесіне үш генерал шенін қосуға болады деп ойлаймын. Бұл шешім облыстарда жұмыс істеп жүрген нағыз үздік қызметкерлердің мәртебесін көтеруге мүмкіндік береді. Енді тек білек сыбана жұмыс істеу керек. Әрине, нақты жетістіктер де бар. Халықаралық ынтымақтастық нығайып келеді. Еліміз Financial Action Task Force ұйымының тексерісінен сәтті өтті. Қазақстан 2023 жылдан бері «ЭГМОН» тобының қаржылық барлау бірлестігінде Еуразия аймағының мүддесін қорғайды. 20 ірі криптобиржамен сындарлы серіктестік орнатылды. Елімізде блокчейн-талаудымен айналысатын «Крипто» арнайы құрылымдық бөлімшесі ашылды. Бұл – Орталық Азия елдерінде құрылған осындай алғашқы бөлімше. Былтыр қаржыны қолма-қол ақшаға айналдыратын 200-ге жуық жалған компания ашкереленді. Олардың заңсыз айналымында қаражатты 500 миллиард теңгеден асады. Сексеннен астам қылмыстық топ құрылды. 100-ден астам қаржы пирамидасы жойылды. Мұның бәрі еліміздің экономикалық қауіпсіздігін нығайта түскені сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ЖИ мүмкіндігін пайдаланып, талдау-сараптау жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

– Мен жақында «Құқық бұзушылық про-

филактикасы» туралы Заңға қол қойдым. Бұл заңға сәйкес Агенттік алғаш рет экономикалық қылмыстың алдын алумен айналысатын толыққанды құрылым ретінде көрсетілді. Осыған орай, қылмыстың алдын алуға қажетті жаңа әрі тиімді шаралар қажет. Көп жағдайда келтірілген залалды өтеу мәселесі оң шешімін таппай жатады. Сол себепті, қылмыстың салдарын емес, себебін анықтап, онымен күресу маңыздырақ. 2023 жылы шығын көлемі 325 миллиард теңгеге бағаланды. Оның 53 миллиард теңгесі немесе шамамен 16,5 пайызы қайтарылды; 2024 жылы шығын көлемі 4,4 триллион теңгеге бағаланды. Оның 236 миллиард теңгесі немесе 5,5 пайызы қайтарылды; 2025 жылы шығын көлемі 135 миллиард теңгегі құраған, яғни айтарлықтай азайған. Оның 20 миллиард теңгесі немесе 15 пайызға жуығы қайтарылған. Алдын алу шаралары шын мәнінде тиімді болу үшін цифрлық талдау тәсілдерін барынша дамытқан абзал. Агенттікке тиесілі ақпараттық жүйе ауқымды деректерді талдауға мүмкіндік береді. Сол арқылы бюджет қаржысын үнемдеуге болады. Осы ақпараттық жүйенің аясын кеңейте түсу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен әлеуметтік салада қалыптасқан қаржылық жағдайды ретке келтіру керек.

– Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау сияқты ұлт болашағына әсер ететін, үнемі халқымыздың назарында болатын маңызды салаларға баспа мән берілуге тиіс. Осыған дейін де айтып өттім, жалпы әлеуметтік салада заң бұзушылықтар аз емес. Қаржы операцияларына мониторинг жүргізу кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін заманауи тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет. Басты мақсат – бәрін жаппай тексеру емес, ел экономикасына қауіп төндіретін сын-қатерлерді дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау. «Шаш ал десе, бас алып», шектен шығуға болмайды. Қайталап айтамын: Агенттік қызметкерлерінің міндеті – қаржы ұйымдарын жаппай тексеру емес, керісінше экономикаға төнген қауіптің бетін қайтарып, тойтарыс беру үшін уақытты шара қабылдау. Бұл ретте цифрлық жұмыс тәсілдері аударып қажет. Бірақ жасанды интеллектке ғана емес, өз ақыл-ойларыңызға да сенген артық етпейді. Адамдар ЖИ-ге арқа сүйей бастағанын, тіпті баяндамаларын да өздері жазбай, оны Grok пен ChatGPT-ге тапсыратынын байқаймын. Яғни адамдар дұрыс оқуды, тиісті білім алуға емес, интеллекттің түрлі нұсқада қалай пайдалануы үйренуде. Мұның салдары ауыр болады. Қаржылық барлау қызметкерлерінен нағыз жауапкершілік пен жасампаздық тұрғысынан қарайтын отаншылдықты талап етеміз. Мұндай қауіпсіздікке ие адамдар жемқорлықтан, ашкәдімдік, сауатсыздықтан ада болуға тиіс. Сауатсыз, әсіресе ашкәз, көрсекшіз, жемқорлыққа бейім адам ешқандай патриот болу алмайды. Әрине, ол өзін патриот санауы, алауатып, жалаулатып сөйлеуі мүмкін. Алайда ол патриот емес және оны бәрі біледі. Сондықтан бұл арада отаншылдықты түсіне түсіне білгеніміз абзал. Мен бұл жөнінде Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында айттым. Қазіргі уақытта жаңа Конституцияның мазмұнын қарап жатырмыз. Біз осы өзгерістер аясында патриотизм туралы ұғымды нақтылап, жауапкершілікке әрі жасампаздыққа құрылған отаншылдықты айқындай аламыз деп ойлаймын. Нағыз патриот барлық жерде, ол Қаржылық мониторинг агенттігі немесе мемлекеттік міндеттегі кәсіпорын болсын, жеке кәсіпкерлік нысаны, университет, мектеп болсын, адал еңбек етуге тиіс. Әркім өз жұмысын жақсы атқарса, оны патриот деп санаймыз. Жалпы, тексеру шаралары мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін қамтамасыз етуге тиіс. Бюджет қаражатын уақытлы игеруге де кедергі келтірмеуі қажет. Ақпараттық, коммерциялық қауіпсіздікті және жеке деректерді қорғау мәселесін назарда ұстаған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Агенттіктің кәсіпкерлермен жұмыс тәсілін қайта қарауға шақырды.

– Бизнесің дамуын тейейтін кедергілерді жою керек. Бұл бағытта біраз жылдан бері жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бірақ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасынан, жекелеген бизнес өкілдерінен әлі де арыз-шағым түсіп жатыр. Барлық құқық қорғау органы бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекет мүддесіне қарсы ауыр қылмыспен паралап екенін түсінуге тиіс. Бұл, ең алдымен, Қаржылық мониторинг агенттігіне қатысты. Маған аймақтарда қара басының қауы үшін заңды бизнесі тоқтату тәжірибесі әлі де бар деген шағымдар келіп түсіп жатыр. Ескертеміз: егер алғандай мәліметтер расталса, заңға сәйкес жауапқа тартып, келтірілген шығынды өндіріп алу үшін қатаң шаралар қабылданады. Былтыр Агенттік тергеу жүргізген қылмыстық істердің 40 пайызы, яғни мыңнан астамы негізсіз деп тоқтатылған. Мысалы, 2025 жылы Агенттік 2710 іс қозғаған, оның 1061-інде күдіктілер ақталып, іс тоқтатылған. Бұл жай ғана көрсеткіш емес. Осындай істердің салдарынан кәсіпкерлер шығынға ұшырайды, олардың іскерлік бөлініне нұқсан келеді, еңбек ұжымдарының берекесі қашады. Мұның бәрі бизнесің дамуын тейейді, елдегі инвестициялық ахуалға зардабын тигізеді. Сондықтан кәсіпкерлермен қарым-қатынас орнату тәсілдерін қайта қараған жөн. Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, ақылға қонымды тепе-теңдікті сақтай білу қажет. Кәсіпкер қаржы заңнамасын бұзған жағдайда оның шаруашылық қызметін бірден тоқтатып тастауға болмайды. Шектеу шараларын құқық бұзушылықтың деңгейіне сәйкес ерекше жағдайларда ғана қолдану керек. Кәсіпкерлер де заң талаптарын қатаң сақтауға міндетті. Мемлекеттің оң көзқарасы мен қорғауын пайдаланып, салықтан жалтаруға, алаяқтық сәмалар жасауға болмайды. Алаяқтыққа мүлдем жол бермейміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлеңкелі экономикамен күресті жандандыру мәселесіне назар аударды.

– Жаңа салық саясаты күшіне енгені бері нақты айналымды жасыру үшін қолма-қол төлем көлемінің артауы туралы мәліметтер келіп түсті. Бөлекше саудамен айналысатын саудагерлер тауардың ақысын қолма-қол ақшамен немесе аударым арқылы төлегеніне қарап салық сомасын шегеріп, екі түрлі баға айта бастады. Бұған, әрине, көз жұма қарауға болмайды. Өйткені мұндай әрекеттер мемлекеттің салықты әкімшілендіру тетіктерін жетілдіру бағытындағы еңбегін зия қалдырады. Кірісті жылыстату және капиталды астыртын криптоперациялар арқылы заңсыз шығару проблемаға айналды. Бүгінге дейін 62 миллиард теңгеден астам қаржы айналды бар 130 заңсыз криптоалмасу қызметі жойылды. Осы істердің асында 2,6 миллиард теңгенің мүлкіне тыйым салынды. Бұдан бөлек әлеуметтік желілерде ақшаны криптоға айырбастау жарнамасы тыйым салынды. Бұдан бөлек әлеуметтік желілерде сыртқа шығарылған капиталдың көлемі жағынан «көш бағыт» тұрған мемлекеттердің бірі. Ал осындай қылмыс үшін сотталғандар жоққа тән. Капиталдың заңсыз сыртқа кетуі экономикалық қауіпсіздігімізге тікелей қатер төндіреді. Агенттік аталған мәселелер бойынша нақты ұсыныс енгізісі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың жаңа тәсілдерін ойластыру қажет екенін айтты.

– Агенттік қаржы пирамидаларымен белсенді күрес жүргізіп жатыр. Тек былтырдың өзінде 140-тан астам қылмыстық іс тергеліп, жарты миллионнан аса адамның қаржысын тартмақшы болған 15 мың сайт пен 123 чат жабылды. Алайда қабылданатын жаңа шаралар да, түсіндіру жұмыстары да жағдайды түбегейлі өзгерте алмай тұр. Әйтсе де оң үрдіс бар. Негізгі Өйткені алаяқтар

пирамиданы түрлі қаржы құралдары сияқты ұсынады. Ал азаматтар олардың арбауына түсіп, бар тапқан-таянғанынан айырылып қалып жатыр. Сондықтан қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеп, проблеманың түп тамырын анықтаған жөн. Өз әрекетінің заңсыз екенін біле тұра, адамдарды түрлі алаяқтық сәмаларға тартатын пирамида қатысушыларына құқықтық жауапкершілік енгізу мәселесін қарастыру қажет. Мұндай алаяқтарды немесе қымысынбай қылмысқа баратын жандарды түрметке қамап, қылмыстық жазаға тарту керек. Егер Қаржылық мониторинг агенттігі, Үкімет осындай түзетулерді ұсынса, мен қолдаймын. Мәселені қарастырыңыздар. Осы тектес батыл шешімдер қабылданады, ахуалдың оңала жүйе екіталай. «Баяғы жартас – сол жартас» қүйінде қала береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент есірткі бизнесімен күресті күшейтуді талап етті. – Өкінішке қарай, қазір есірткі саудасынан түскен табысты тексеру жұмысының тиімділігі төмен. Қылмыскерлердің заңсыз жолмен тапқан жеке мүлкінен қатар, басқа адамдардың атына рәсімденген мүлкі де мемлекетке қайтарылған тиіс. Қысқасы, қылмыстық жолмен иемденген мүлкікті бәрін таркілеу мәселесін мұқият пысықтаған жөн. Заңды тұлғалардың құманді табыстарды заңдастыруына қатысты жазаны күшейту керек. Бұл қадам халықаралық стандарттарға толық сай келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сөз соңында Агенттік алдында көптеген күрделі әрі маңызды міндет тұрғанын атап өтті.

– Стәдрге жүктелетін жауапкершілік – өте жоғары. Агенттік бас прокуратурамен, Ұлттық қауіпсіздік қызметімен, Ішкі істер министрлігі секілді басқа да құқық қорғау органдарымен үйлесімді әрекет етуі керек. Олар да Қаржылық мониторинг агенттігіне қолдау көрсетуге тиіс. Құзыреттік міндеттердің қайталануы, жөн-жосықсыз бәсеке, бақталастық мемлекет қызметіне тиіспейді. Әлдеме стратегиялық белгісіздік белең алған қазіргідей жағдайда бұл өте қауіпті. Ұлттық мүддемізге зиян келтіруге жол беруге болмайды. Үнемі айтамын: «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат». Ақымды өзгерістердің келесі – шешуші кезеңіне қадам бастық. Конституциялық реформаны қолға алдық, бүгінде Комиссия белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Барлық ұсыныс мұқият сарапталды, түзетулердің жобасы әзірленді. Халық бұл жобанымен танысып, референдумда түбегейлі шешім қабылдайды. Осылайша, елімізде жаңа қоғамдық-саяси жүйе қалыптасады. Ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауға, инвестициялық ахуалды жақсартуға және халықтың ал-ауқатын арттыруға арналған жұмыс тиіс қарқынмен жалғасады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жыныда Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Злиманов ведомствоның атқарған жұмыстары мен алдағы жоспары жөнінде баяндама жасады.

Президент қызметтік боршың үлгіні атқарғаны үшін Қаржылық мониторинг агенттігінің бір топ қызметкерін мемлекеттік наградалмен марапаттады.

Akorda.kz.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінгі күннің ең үлкен шыңдығы – уақыттың жылдамдығы өзгерді. Кеше ғана «интернет ұтаса болды» деп жүрген ауылдарымыз, бүгін мемлекеттік қызметті де, білімді де, бизнесті де цифрландыру арқылы жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Сондықтан биылдың Цифрлық даму және жасанды интеллект жылы болып жариялануы – жай ұран емес, елдің ертеңі нақты әрекетпен бекітетін маңызды кезек.

Ауданымызда бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Цифрландырудың басты пайдасы – уақытты үнемдеу, ашықтықты арттыру және қызмет сапасын көтеру. Құжат айналымының электрондық форматқа көшуі күнделікті жұмысты жеңілдетіп қана қоймай, артық қағазбастылықты азайтады, шешім қабылдау жылдамдығын арттырады. Ең бастысы – әрбір істің ізін нақты бақылауға, жауапкершілікті күшейтуге мүмкіндік береді. Қарапайым тілмен айтқанда: «жүріп-түру көп, нәтиже аз» деген ескі схема кетіп, «аз қымыл – көп өнім» деген жаңа тәртіп орнығады.

Ал жасанды интеллект – заман талабы. Бұл тек қаладағы үлкен компаниялардың ойыны емес, ауылдың да, аудандың да нақты қажетіне айналып келеді. Жасанды интеллект арқылы ақпаратты өңдеу, жоспарлау, есеп жүргізу, тұрғындардың сұрақ-өтінішін саралау, тіпті әлеуметтік саланың кейбір бағыттарын тиімді басқару мүмкіндіктері кеңейеді. Яғни, технология адамды алмастыру үшін емес, адамның уақытын босатып, ең маңыздысы – ойлануға, жоспарлауға, халықпен тікелей жұмысқа көбірек мүмкіндік беру үшін керек. Біз үшін цифрлық даму – ең алдымен

тұрғынға қолайлы өмір. Мемлекеттік қызметті алу жеңілдесе, құжат рәсімдеу тездетілсе, байланыс жақсарса, дерек алмасу жылдам болса – бұл халықтың күнделікті тіршілігіндегі нақты өзгеріс. Сондықтан аудандағы цифрлық жобалардың әрқайсысы «адам есіп үшін» емес, нақты нәтиже үшін іске асуы тиіс.

Әрине, кез келген жаңашылдық тәртіп пен мәдениетті талап етеді. Цифрландырудың сапасы – тек техникаға емес, адамның жауапкершілігіне тікелей байланысты. Сол себепті біз кадрлардың біліктілігін арттыруға, цифрлық сауаттылықты көтеруге, жастардың жаңа технологияға бейім болуына ерекше мән береміз. Өйткені ертеңгі экономикасы да, ертеңгі қызметі де – білім мен технологияға сүйенеді.

Алда тұрған мақсат айқын: Ауданда цифрлық инфрақұрылымды күшейту, қызмет көрсету сапасын көтеру, жасанды интеллект мүмкіндіктерін күнделікті жұмысқа сауатты енгізу. Бұл – аудан дамуының жаңа парағы. Біз дәстүрді қадірлей отырып, болашақтың талабына сай қадам басуымыз керек. Себебі уақыт күтіп тұрмайды.

Цифрлық даму – бәрімізге ортақ жұмыс. Мемлекет қызметін жеңілдететін де, ауылдың мүмкіндігін кеңейтетін де – осы бағыт. Сондықтан әр тұрғының ұсынысы, әр маманның ізденісі, әр жастың талпынысы біз үшін маңызды. Бірге дамымыз, бірге цифрланамыз, бірге жаңарамыз! Ісіміз нәтижелі, қадамымыз нық болсын.

Ермек КӨРЕНТАЕВ,
Мойынқұм ауданының әкімі.

АҚ ЖҮРГЕН АЗБАЙДЫ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Күні кеше аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімдігі жанындағы кәмеелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиынды комиссия төрағасы Мейірахан Төлеулиев ашып, күн тәртібіндегі мәселелердің маңыздылығына тоқталды.

Отырыстың алғашқы мәселесі – кәмеелетке толмағандар арасындағы ерте жұктіліктің алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар болды. Бұл мәселе бойынша аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Сұлтан Талас баяндама жасап, соңғы жылдардағы статистикалық деректерге, алдын алу шараларының тиімділігіне және медициналық-ағартушылық жұмыстардың рөліне тоқталды. Сондай-ақ, білім беру ұйымдарымен және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту қажеттігі атап өтілді.

Келесі кезекте Отбасын қолдау орталығының 2026 жылға арналған жұмыс жоспары және полиция есебіндегі жайсыз отбасылармен жүргізілген жұмыстар туралы Отбасын қолдау орталығының директоры Әбдіғали Әбдразахов баяндама жасады. Баяндамада әлеуметтік қолдау, психологиялық көмек, профилактикалық жұмыстардың нәтижелері мен алдағы жоспарлар кеңінен айтылды. Жайсыз отбасылармен жүйелі жұмыс жүргізу – кәмеелетке толмағандардың құқықтарының сақталуындағы басты бағыттардың бірі екені атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша қамқоршылықтағы және қорғанышылықтағы кәмеелетке толмағандардың жай-күйі сөз болды. Аудандық білім бөлімінің бас маманы Мақпал Жекеева қамқоршылықтағы балалардың әлеуметтік, психологиялық және білім алу жағдайына тоқталып, бақылау мен қолдаудың тұрақты жүргізіліп



отырығын жеткізді.

Отырыстың төртінші мәселесінде мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар мен тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарларының кәмеелетке толмағандардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстары талқыланды. Бұл бағытта М.Әуезов атындағы орта мектебі мен Қ.Сәтбаев атындағы шағын орталықтың орта мектебінің директорлары Ғүлнұр Әбілова мен Әсемқұл Малдыбаевалар тәжірибелерімен бөлісіп, тәрбие жұмыстарының нәтижелері мен кездесіп отырған мәселелерді ортаға салды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақ-

жауап алмасу жүргізіліп, тиісті ұсыныстар айтылды. Отырысты қорытындылай келе, комиссия мүшелері кәмеелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстарды одан әрі күшейту, салаларлық өзара іс-қимылды арттыру жөнінде нақты тапсырмалар жүктетті.

Аталған отырыс балалардың қауіпсіздігі мен болашағына бейжай қарамайтын қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды.

Елдос ЕРҒАБЫЛҒҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы»,
Суретті түсірген автор.

ҚҰРЫЛТАЙ – 2026

ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ ТҰҒЫРЫ

Ұлттық құрылтайдың Сыр өңірінде өтуінің символдық әрі саяси мәні зор. Себебі Қызылорда – ғасыр бұрын ел тағдырына қатысты шешімдер қабылданған, алғашқы астана болған қасиетті мекен. Мемлекет басшысы өз сөзінде бұл тарихи ерекшелікке арнайы тоқталып, өңірдің ел тарихындағы орнына жоғары баға берді.

Құрылтай барысында көтерілген мәселелер қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Ұлттық бірлікті нығайту, әділетті және жауапты мемлекет қалыптастыру, басқару тиімділігін арттыру секілді басымдықтар айқындалды. Президент өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы оң өзгерістерді атап өтіп, бұл жетістіктер аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың жүйелі әрі табанды жұмысының нәтижесі екенін ерекше айтты. Мемлекет басшысының білім, ғылым және жоғары технология саласына инвестицияны арттыру туралы пікірі – уақыт талабынан туындаған стратегиялық шешім. Адам капиталының сапасын арттырмайынша, елдің ұзақ мерзімді дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етілмейтіні анық. Осы тұрғыда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылын» жариялау – сән қуалау емес, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты міндет деп түсінугіміз керек. Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы да терең мазмұнға ие. Бұл – ұлттық сананы жаңғыртуға, қоғамда жауапкершілік пен тәртіп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды идеологиялық бағдар. Тазалық – әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс құндылық. Қоршаған ортаға деген жауапкершілік көшеден емес, әр адамның өз ауласынан, өз үйінен басталуы қажет. Бұл

қағиданы қоғам санасына сіңіру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Құрылтайда қозғалған ең өзекті тақырыптардың бірі – Парламенттік реформа. Мемлекет басшысы атап өткендей, биылғы жыл Қазақстанның болашағына тікелей ықпал ететін маңызды кезең болмақ. Бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастама ашық форматта, қоғамның белсенді қатысуымен талқылануы келеді. e-Ötinish платформасы мен Egov порталында азаматтардың ұсыныс білдіруіне мүмкіндік берілуі реформалардың халықпен бірге жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобына білікті заңгерлердің, сарапшылардың, саяси партиялар мен қоғамдық ұйым өкілдерінің тартылуы қабылданатын шешімдердің сапасын арттыра түседі. Қоғамда бұл бастамаға кең қолдау бар екені әлеуметтік сауалнамалар мен өңірлердегі кездесулер барысында да айқын аңғарылды. Сонымен қатар Президенттің Парламентке «Құрылтай» атауын беру туралы ұсынысы – тарихи дәстүр мен қазіргі саяси реформалардың терең сабақтастығын көрсететін салмақты шешім. Құрылтай ұғымы – елдік мүддені ортақ ақылмен шешудің символы. Бұл атауды саяси жүйедегі маңызды институт ретінде бекіту ұлттық бірегейлікті нығайта түседі.

Партия мүшесі ретінде біз Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай алаңында көтерген бастамаларын саяси жаңғырудың қисында жағасы деп бағалаймыз. Бұл реформалар өкілді биліктің тиімділігін арттырып, азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын күшейтеді. Алдағы өзгерістер әділетті, ашық әрі жауапты Қазақстанды қалыптастыру жолындағы нақты нәтижелерге жеткізетініне сенімдіміз мол.

Сәбит ОРАЗЫМБЕТОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ПІКІР

СЫР ӨңІРІ – ЕҢБЕК ПЕН БІРЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Тарихи тамыры тереңде жатқан құрылтай дәстүрінің бүгінгі жаңғыруы – ел бірлігінің, қоғамдық келісім мен ортақ жауапкершіліктің айқын көрінісі. Сыр елінде өткен V Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы ел дамуының стратегиялық бағыттарына кеңінен тоқталып, саяси реформалар, әділетті қоғам құру, экономиканы әртарапандыру, ұлттық құндылықтар мен ұрпақ тәрбиесі, заң мен тәртіп үстемдігі сынды аса маңызды мәселелерге ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде «Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күршішті ұлыбұрай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды» деп атап өтті.

Президент сөзінен Сыр жұртшылығының еңбекқорлығы мен азаматтық жауапкершілігіне деген ерекше сенім аңғарылды. Бұл – жай ғана баға емес, ел дамуына адал қызмет етіп жүрген жандарға көрсетілген зор құрмет. Қызылорда облысының заман талабына сай

қарқынды дамуына, аймағымыздағы автокөлік жолының сапасы, әуе және теміржол жүйелерінің жаңғыртылуы, Кіші Аралды қалпына келтіру, Көкарал бөгетін биіктейтін шаралар, облыс орталығымен қатар, әр ауылдың көз тартатын тазалығы, облыс орталығындағы жаңа тарихи-өлкетану музейіне ерекше тоқталды.

Ауқымды инфрақұрылымдық жоба «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автодәлізі мен «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысының басталатынын жеткізді. Бұл – өңір халқы үшін үлкен қуаныш. Осындай тағылымды әрі тарихи басқосуда

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолынан «Парасат» орденін алу – мен үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Сыр жұртшылығының, халық қалаулыларының атынан және өз атыман Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына шынайы алғысымды білдіремін.

Көрсетілген жоғары сенім мен құрметті ақтау – мен үшін басты парыз.

Біздің басты міндетіміз – өңіріміздің дамуына нақты үлес қосу және Мемлекет басшысының бастамаларының табысты жүзеге асуына бірлесіп атсалысу. Еліміздің іргесі берік, бірлігі мығым болсын!

Құрылтайда қабылданған шешімдер ел игілігіне қызмет етсін!

Бекмурат ЖАМБЫЛОВ,
ауданның Құрметті азаматы.

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

СЫР ТӨРІНДЕГІ СӨЗ – ЕЛ ТАҒДЫРЫНЫҢ ҮНІ

Қызылорданың қызыл қыраты мен Сырдың сабырлы ағысы тағы бір тарихи сәттің куәсі болды. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы бұл жолы жай ғана саяси жиын емес, ел жадында сақталатын, уақыт сүзгісінен өтетін тағдырлы кеңеске айналды. Осы құрылтаймен бірге бір дәуір өз миссиясын тәмамдап, жаңа кезеңнің есігі айқара ашылды.

Ұлттық құрылтай – енді тарих. Бірақ ол тарихқа құра ату болып емес, ел тағдырын таразылаған шешімдерімен енді. Құрылтай атауының Парламентке берілуі, «Вице-Президент лауазымының енгізілуі, Конституциялық өзгерістер, Қоғамдық кеңес құзіретінің кеңеюі – мұның барлығы Қазақстанның саяси болмысының жаңарып, мемлекеттік басқарудың жаңа сапалық деңгейге көтерілуінің айқын белгісі.

Сыр елінде сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір сөзі Сырдың өзіндегі салмақты, әрбір пайымы ел болашағына бағдарланған болды. Президент Қызылорда өңірінің даму қарқынын атап өтіп қана қоймай, бұл аймақтың басты байлығы – адам капиталы екенін ерекше айшықтады. Туған жерге деген сүйіспеншілік, ауылға – деген жанашырлық, нағыз отанышылдық – Сыр жұртының болмысынан табылатын қасиеттер ретінде бағаланды. Нағи Ильясов пен Таң ауылдарының үлгі ретінде аталуы, еңбекке, тәртіпке, ортақ жауапкершілікке берілген жоғары баға.

Құрылтай мінберінен айтылған инфрақұрылымдық жаңалықтар ел дамуының құретамыры қайда соғып тұрғанын анық көрсетті. Жаңа теміржол желілері, «Қызылорда-Жезқазған» және «Жезқазған-Сексеуіл» бағыттарының жандануы, вокзалдардың қайта түлеп, «Қызылорда-Ақтөбе» төрт жолақты магистраліне алғашқы қадамның жасалуы, мұның бәрі Сыр өңірін ел экономикасының ірі артериясына айналдыруға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі.

Алайда бұл құрылтайдың жүрек тұсындағы ең ауыр әрі ең үмітті тақырыбы – Арал тағдыры болды. Солтүстік Арал теңізін сақтау – тек экологиялық мәселе емес, бұл тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ұлт алдындағы парыз. Президенттің екінің кезең жобасын аяқтау, Көкарал бөгетін жаңғырту, су деңгейін көтеру жөніндегі нақты тапсырмалары мемлекет жауапкершілігінің салмағын айқын аңғартты. Теңіз көлемінің артуы – үміттің оянуы, табиғатпен тіл табысудың алғашқы жеңісі. Су үнемдеу технологиялары, ирригациялық жүйелерді жаңғырту, халықаралық су ынтымақтастығын күшейтеу – болашаққа аманатталған тіршілік тамырын сақтаудың стратегиялық жолы. Бұл бағытта қолға алынған әрбір жоба келер ұрпаққа жасалған қызмет.

Құрылтайдың дәл 100 жыл бұрын Қазақ елінің астанасы болған, ұлттық атауы қайтарылған Қызылорда өңірі, тарихтың терең астарлы ишарасы іспетті. Бір ғасыр бұрын ел тағдыры шешілген қалада бүгін де ұлт болашағына қатысты батыл шешімдер қабылданды.

Сыр төрінде өткен бұл құрылтай – бір өңірдің мерейі ғана емес, тұтас Қазақстанның жаңғыру жолындағы айқын межесі. Бұл елдік сана мен мемлекеттік жауапкершіліктің, тарих пен болашақтың үндескен сәті. Қызылордада айтылған сөз – Сырдың бойымен ғана емес, ұлттың жүрегімен бірге ағып, ел тағдырына айналмақ.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойнықұм таңы».

ІС-ШАРА

ЕЛ БОЛЫП ОҚИМЫЗ



«Ел болып оқимыз» облыстық жобасы ұлы ақын, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына арналады. Биыл Ж.Жабаевқа 180 жыл толып отыр. Осыған орай аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері Перизат Жүнісбекова, осы жолдардың авторы Т.Рысқұлов тірек мектебінің кітапханасында «Жүзбен жүздескен Жамбыл Жабаев» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

Қазақтың ұлы ақыны, айтыстың өрен жүйрігі, ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі, XX ғасырдың Гомері атанған Жамбыл Жабайұлының өмірі мен шығармашылығына арналды. Ақынның өлеңдері мен шығармашылығына шолу жасалып, әдеби-тарихи мәліметтерді қызықты түрде таныстырды.

Тұрар Рысқұлов тірек мектебінің 7 «а» сынып оқушылары Орынбасар

Қалиділда, Аян Қуандық, Ұлан Сланбек, Салауат Сәрсенбай, Айым Ақбар ақынның өлеңдерін манерлеп оқыды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Ләйла Момынқұлова. Оқымдарды ел болып оқуға шақырамыз.

Меруерт СҰЛТАНОВА,
аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЗАҢДЫ БІЛУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Жақында Б.Момышұлы атындағы орта мектебінде жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды тәрбиелік іс-шара өтті. Атап айтқанда, 10-сынып білім алушылары мен сынып жетекшісі Жансая Ынтықбаеваның ұйымдастыруымен «Заңды білу – әр азаматтың міндеті» тақырыбында мазмұнды сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының басты мақсаты – оқушыларға Қазақстан Республикасының заң талаптарын кеңінен түсіндіру, олардың құқықтары мен міндеттері жөніндегі білімдерін толықтыру, сондай-ақ құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру болды. Сонымен қатар, адамгершілік, адалдық, мейірімділік, ар-ождан бостандығы сияқты ізгі қасиеттерді бойларына сіңіру арқылы құқықтық тәрбие беру көзделді.

Іс-шара барысында оқушылардың белсенді қатысуына ерекше көңіл бөлінді. Сабақта түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар орындау, мақал-мәтелдермен жұмыс, пікір алмасу және презентация арқылы түсіндіру секілді түрлі әдіс-тәсілдер тиімді қолданылды. Бұл тәсілдер оқушылардың тақырыпты терең түсінуіне, өз ойларын еркін жеткізуіне және құқықтық мәселелерге сыни көзқараспен қарауына мүмкіндік берді.

Қауіпсіздік сабағы аясында да маңызды мәселелер қозғалды. Оқушылар қиын жағдайларда өзіне және өзгелерге қолдау көрсету, көмек беру жолдарын меңгерді. Алғашқы медициналық көмек көрсету, сыну, қан кету кезіндегі алғашқы әрекеттер туралы практикалық түсінік қалыптасты. Мұндай білім – тек сабақ аясында ғана емес, өмірде де аса қажет



дағдылардың бірі екені атап өтілді.

Сынып сағатының қорытындысы ретінде оқушылар өз құқықтары мен міндеттері жөніндегі білімдерін едәуір толықтырғаны байқалды. Олардың құқықтық сауаттылығы артып, заңды сақтау мен құрметтеудің маңызын терең түсінгені көрінді. Сонымен қатар, жауапкершілік деңгейі жоғарылап, азаматтық көз қарастары қалыптаса түсті.

Сабақ жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілді. Тәрбиелік және танымдық тұрғыда тиімді өткен бұл сынып сағаты оқушыларға үлкен ой салды.

Іс-шара соңында «Заң – бәрімізге ортақ, оны білу және сақтау – әр азаматтың парызы» деген түйінді ой айтылды. Заңды білу арқылы әр адам өз құқығын

қорғай алатыны және өзгенің құқығын құрметтеуге үйренетіні ерекше атап өтілді.

«Әрқайсымыз заңның сақшысы болайық! Бірге әділ қоғам құрайық!» деген үндеу оқушылардың санасында азаматтық ұстаным ретінде орнықты.

Қорытындылай келе, құқықтық мәдениет мектеп партасынан басталатыны тағы бір мәрте дәлелденді. Бүгін заңды сыйлайтын оқушы – ертең елдің болашағына жауапты азамат. Ал сол болашақтың жарқын болуы – бүгінгі тәрбиелі, саналы ұрпақтың қолында.

Елдос ЕРҒАБЫЛУЛЫ,
«Мойнықұм таңы».

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

Қай қоғамда болсын елдің ертеңі өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Саналы, білімді, жауапкершілігі жоғары жастар – мемлекеттің ең басты байлығы. Сондықтан бүгінгі таңда саналы ұрпақ тәрбиелеу – қоғамның, отбасының және білім беру жүйесінің ортақ міндеті.

САНАЛЫ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Саналы ұрпақ – ол жастайынан ұлтының бар болмысын бойына жинаған, елдің өсіп, өркендеуіне деген қадамдарын нық әрі, күмәнсіз баса алатын, мемлекеттің дамуына тамшыдай болсын үлес қосатын «тамшы да тама-тама көл болады» дейтін бір тамшысынан үлкен теңіз жасай алатын, өзінің өзгеруімен қатар әлемді өзгертуге тырысатын, өзінің басты өмірлік ұстанымына айналдырған білімді, жан-жақты жалындал жанып тұрған, ерік-жігері мықты жастар деп білемін. Еліміздің болашағын дәл осындай ұрпаққа қорықпастан аманаттай аламыз. Бүгінгі жас ертеңгі аға буын өкілі. Дәл қазіргі мезетте оларға қандай бағыт-бағдар берсек, сол бағдармен өз жолын таппақ.

Саналы ұрпақ дегеніміз – тек жақсы оқитын немесе заманауи технологияны меңгерген жас емес. Бұл – өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін құрметтейтін, елінің тағдырына бейжай қарамайтын, дұрыс шешім қабылдай алатын тұлға. Мұндай ұрпақ тәрбиелеу ең алдымен отбасынан басталады. Ата-ананың берген тәрбиесі, көрсеткен үлгісі баланың өмірлік ұстанымының негізін қалайды.

Білім беру орындарының да рөлі ерекше. Мектеп пен жоғары оқу орындары тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін дамытуы тиіс. Қазіргі заманда ақпарат өте көп, ал сол ақпаратты дұрыс пайдалана білу – саналы ұрпақтың басты белгісі. Жастардың кітап оқуға, ғылымға, өнерге қызығушылығын арттыру – болашаққа салынған инвестиция.

Сонымен қатар, патриоттық тәрбие де маңызды орын алады. Елін сүйетін, жерін қорғай алатын, қоғамдағы мәселелерге белсенді араласатын жастар – мемлекеттің тірегі. Волонтерлік, қоғамдық жұмыстарға қатысу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру да саналы ұрпақ тәрбиелеудің бір бөлігі.

Қорыта айтқанда, саналы ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі. Бүгінгі жастарға жасалған әрбір дұрыс қадам, берілген сапалы білім мен тәлім-тәрбие ертең еліміздің дамуына қызмет етеді. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіне немқұрайлы қарамай, баршамамыз бірігіп әрекет етуіміз қажет. Сонда ғана болашағы баянды, өркениетті қоғам құра аламыз.

Нұрислам БЕЙСЕНБЕК,
«Жастар ресурстық орталығы» КММ - і директорының орынбасары.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – ОРТАҚ МАҚТАНЫШ



Жақында Дүниежүзілік сайлау күніне орай Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясында 9 «а» сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіз ел – ортақ мақтаныш» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны сынып жетекшісі Аида Иссаева ұйымдастырды.

Кездесудің мақсаты – оқушыларға Тәуелсіздіктің маңызын түсіндіру, ел тарихы мен ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру, азаматтық

жауапкершілік пен патриоттық рухты арттыру болды.

Іс-шара барысында Дүниежүзілік сайлау күні туралы мағлұмат беріліп, бұл мерекенің БҰҰ-ның қолдауымен жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбінде аталып өтетіні айтылды. Осыған орай ұйымдастырылған дөңгелек үстелде Қазақстанның тәуелсіздік алу жолы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы кеңінен қозғалды.

Пікір алмасу бөлімінде оқушылар «Тәуелсіздік деген не?», «Тәуелсіз елдің азаматы болу нені білдіреді?», «Бейбіт өмірді сақтау үшін не істеу керек?», «Жастардың рөлі қандай?» деген сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салды.

Кездесуге қатысқан Жастар ресурстық орталығының директоры Мәди Күнту жастардың азаматтық белсенділігі, сайлаудың маңыздылығы, сайлау мен референдумның айырмашылығы туралы айтып өтті. Сонымен қатар мектеп-гимназиясының директоры Жаңыл Әшірмбетова тәуелсіздіктің оңай келмегенін атап өтіп, оны сақтау үшін сапалы білім алудың маңыздылығына тоқталды.

Іс-шара барысында оқушылар Әлінуір Батырхан мен Инжу Алпысбай Тәуелсіздік пен Отан тақырыбына өлеңдер оқыса, Әділжан Бауыржан баянмен ән арнады.

Қорытынды сөз сөйлеген сынып жетекшісі Аида Иссаева тәуелсіздікті сақтау – әрбір қазақстандықтың борышы екенін атап өтті.

Тағылымды дөңгелек үстел оқушылардың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық рухын нығайтты.

Назгүл ӘЛМЕВА,
«Мойнықұм таңы».

ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВ – 75 ЖЫЛ

Биыл – Талғат Мұсабаевтың туғанына 75 жыл толып отыр. Бұл – қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл адамзаттың ғарышты игеру тарихында өз қолтаңбасын қалдырған дара тұлғаның мерейтойы. Ол – жер мен көктің арасын жалғаған, адам баласының шексіз кеңістікке ұмтылған арманын нақты іспен дәлелдеген, тәуелсіз Қазақстанның ғарыштағы айбынын әлемге танытқан, Халық қаһарманы Талғат Мұсабаев. Оның өмір жолы – табандылықтың, білім мен тәртіпке адалдықтың, елге қызмет етудің биік үлгісі.

ҒАРЫШҚА ЖОЛ САЛҒАН ҒҰМЫР

Талғат Мұсабаев 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Алматы қаласындағы №58 мектепті тәмамдағаннан кейін Ленин комсомолы атындағы Рига азаматтық авиация инженерлері институтында «Авиациялық радиожабдықтарды техникалық пайдалану» мамандығы бойынша білім алды. 1974 жылы елге оралып, бірнеше ай инженер болып жұмыс істеді. 1975 жылдың қаңтар айында Т.Мұсабаев Алматыдағы Қазақстан комсомолының Қазан аудандық комитетінің хатшысы болып таңдалды. 1976 жылдың 19 қаңтарынан бастап қазақ азаматтық авиациясында саяси тәрбие қызметі бөлімінің нұсқаушысы болып жұмыс істеді.

1979 жылдың 25 мамырынан бастап саяси тәрбие қызметі бойынша Алматы біріккен әуе отрядының 240-жазғы отряды командирінің орынбасары қызметін атқарды. Сондай-ақ, осы уақытта Т.Мұсабаев жұлдыздарға жол ашқан оқуын оқып жүрді. 1984 жылы Алматы әуе клубындағы оқуын тәмамдап, 1986 жылы азаматтық авиацияның ұшқышы деген куәлік алды.

1986 жылдың көктем айынан бастап Талғат Амангелдіұлы қазақ ғарышкерінің айға сапары жобасының аясында медицина-биология проблемалары институтында медициналық тексерістен өтіп жүрді. Алайда жоба әрі қарай дамымай, жарты жолдан қалып қояды. Бұдан кейін Т.Мұсабаев отанына оралып, 1987 жылдың қаңтар айынан бастап екінші ұшқыш болып жұмыс істеді. Ал 1989 жылдың 6 шілдесінен бастап Боралдай біріккен әуе отрядында Ан-2 ұшағының командирі болды.

1988 жылы Талғат Амангелдіұлы тағы да медициналық тексерістен өтіп, 1989 жылдың 27 ақпанында бас медициналық комиссияның шешімімен арнайы дайындыққа жіберілді.

1989 жылы мемлекеттер авиациясы құрамындағы Ульянов орталығындағы инженерлік-техникалық және диспетчерлік жазғы дайындығын тәмамдады.

1990 жылдың 11 мамырында РКФСР мемлекеттік ведомство аралық комиссияның шешімімен ғарышкерлер отрядының құрамына алынды.

1990 жылдың 6 маусымынан бастап

Мұсабаев Ту-134 ұшағының екінші ұшқышы болып, ал 25 тамыздан бастап Алматыдағы біріккен әуе отрядының бірінші жазғы отрядының Ту-134 ұшағының екінші ұшқышы болды. 1990 жылдың қазан айында ғарышкерлерді даярлау орталығына жұмыс сапарымен барып, журналистер тобымен бірге жалпы ғарыштық дайындыққа кірісті. 1991 жылы ғарышкерлерді даярлау орталығына ғарышкер-зерттеуші кандидат ретінде шатқа қабылданды.

Талғат Мұсабаев жұлдыздар әлеміне алғаш рет 1994 жылдың 1 шілдесінен бастап 4 қарашаға дейін саяхаттады. Мұсабаев Жерден «Союз ТМ-19» кемесінің борт инженері ретінде ұшты. Осы кезде оған «Агат-2» атағы берілген болатын.

Сапар кезінде Талғат Амангелдіұлы ашық ғарышқа екі рет шықты: 9 қыркүйек күні – 5 сағат 6 минут; 13 қыркүйек күні – 6 сағат 1 минут.

1996 жылдың 25 наурызынан бастап 1997 жылдың қаңтар айы аралығында Мұсабаев 30-23 бағдарламасы бойынша екінші экипаждың командирі болып ұшаға дайындалды.

Талғат Мұсабаев жұлдыздар әлеміне бұдан кейін 1998 жылы ұшып, сол жақта 29 қаңтардан бастап 25 тамызға дейін болды. Бұл жолы оған «Кристалл-1» атағы берілді. Сапар барысында Мұсабаев ашық ғарышқа бес рет шықты: 3 наурыз күні, ұзақтығы – 1 сағат 15 минут (бұл әрекеті сәтсіз болды); 1 сәуір күні, ұзақтығы – 6 сағат 40 минут; 6 сәуір күні, ұзақтығы – 4 сағат 15 минут; 11 сәуір күні, ұзақтығы – 6 сағат 25 минут; 22 сәуір күні, ұзақтығы – 6 сағат 21 минут.

1997 жылдың 28 шілдесінен Талғат Амангелдіұлы мемлекеттік ведомство аралық комиссияның шешімімен бірінші экипаждың командирі болып тағайындалды. 1999 жылдың 15 сәуірінен бастап 2000 жылдың мамыр айына дейін бірінші ресейлік экспедиция экипажының командирі ретінде дайындықтан өтті.

2000 жылдың 2 маусымында Мұсабаев 30-29 бағдарламасы бойынша екінші экипаждың командирі болып тағайындалды. 2000 жылдың 12 маусымынан бастап Юрий Батуринымен бірге 30-29 бағдарламасы бойынша екінші экипаждың командирі ретінде ұшаға дайындалды.

2001 жылдың 11 қаңтарынан бастап Талғат Амангелдіұлы резерв экипаждың



құрамында болды. Осы жылы Юрий Батуринымен бірге «Союз ТМ» кемесін алмастыруға дайындалды.

2001 жылы «Союз ТМ-32» кемесінің командирі ретінде ұшып, ғарыш әлемінде 28 сәуірден бастап 6 мамырға дейін болды.

2003 жылдың 27 қарашасында Т.Мұсабаев ғарышкерлерді дайындау орталығы жетекшілігінің шешімімен құрамнан ағысуы себеп болды. 2005 жылдың 30 мамырынан бастап «Бәйтерек» акционерлік қоғамының директоры болып тағайындалды. 2007 жылы Қазақстан азаматтығын алды. 2007 жылдың 11 сәуірінен бастап Қазақстан ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы болды.

2014 жылдың 13 тамызынан бастап үкімет басшысының азаматтық авиация және ғарыш қызметі мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі қызметін атқарды.

2014 жылдың 21 тамызынан бастап Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің аэроғарыш комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 2016 жылдың 20 қаңтарында 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасы президентінің кеңесшісі болып тағайындалды.

2017 жылдың 13 шілдесінен бастап мемлекет басшысының өкімінен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалды.

Алған атақтары мен марапаттары 1995 жылы «Халық қаһарманы», «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы», 1998 жылы «Отан» және бірінші дәрежелі «Барыс» орденін, 1999 жылы «Астана» медалін алды.

Бұдан өзге Ресей Федерациясы тарапынан 1991 жылы «Халықтар достығы» орденін, 1994 жылы «Ресей Федерациясының қаһарманы» мен «РФ ұшқыш-ғарышкері», 1998 жылы екінші және үшінші дәрежелі «Отан алдындағы еңбегі үшін» марапаттарын иеленді.

Сондай-ақ, Австрия Республикасының орденімен және 1998 жылы АҚШ

тарапынан «Ғарышқа ұшқан үшін» NASA медалімен марапатталды.

2003 жылдың тамыз айында Талғат Амангелдіұлы Ресей Федерациясы авиация әскери дайындық басқармасының бастығы болып тағайындалды. Осы жылдың қараша айынан бастап Жуковский атындағы әскери-әуе академиясы бастығының орынбасары қызметін атқарды.

Балалық шағынан бастап аспанға, ұшуға, техникаға деген қызығушылығы ерекше болды. Кеңестік кезеңде ғарышкер болу – көптің қолы жете бермейтін, санаулы адамдарға ғана бұйыратын, аса жауапты әрі қатерлі арман еді. Ол кезде ғарыш тек романтика ғана емес, темірдей тәртіпті, мықты денсаулықты, жоғары интеллекті және психологиялық тәзімділікті талап ететін сала болатын. Талғат Амангелдіұлы сол қиын жолдан таймай, арманына адал болып, білім алуды, өзін үздіксіз жетілдіруді өмірінің басты қағидасына айналдырды.

Оның кәсіби жолы әскери авиация саласынан басталды. Ұшқыш ретінде ол түрлі деңгейдегі сынақтардан өтіп, күрделі авиациялық техникаларды меңгерді. Әскери ұшқыш болу – кез келген адамның қолынан келмейтін іс.

Әрбір ұшу – үлкен жауапкершілік, әрбір шешім – өмір мен өлімнің арасында қабылданатын таңдау. Осындай ортада шыңдалған Талғат Мұсабаевтың бойында тәртіпке бағыну, суыққандылық, батылдық пен дәлдік қатар қалыптасты. Бұл қасиеттер оны ғарыш саласына алып келді.

Ғарышкер болу – тек жоғары білімнің ғана емес, мықты мінездің үлкен ерік-жігердің көрінісі. Т.Мұсабаев осы талаптардың барлығына толық сай келетін маман ретінде халықаралық ғарыш бағдарламаларына қатысу құқығына ие болды. Ол ғарышқа үш мәрте ұшқан санаулы ғарышкерлердің қатарынан орын алды. Бұл – кез келген ғарышкерге бұйыра бермейтін, әлемдік деңгейдегі үлкен жетістік.

Талғат Мұсабаев ғарышта жүздеген тәулік болып, жүздеген орбиталық айналым

жасады. Оның әрбір сапары – тек ұшып барып қайтумен шектелмей, нақты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, инженерлік тәжірибелермен, техникалық сынақтармен тығыз байланысты болды. Ғарыштағы әрбір минут, әрбір әрекет адамзат ғылымына қызмет етті. Әсіресе, оның ашық ғарышқа шығуы кәсіби шеберліктің, батылдықтың және жауапкершіліктің айқын дәлелі болды. Ашық ғарыш – адам үшін ең қауіпті орта. Онда қателікке жол жоқ, бір сәттік салғырттық орны толмас салдарға әкелуі мүмкін. Осындай жағдайда суыққандылық пен тәжірибе ғана шешуші рөл атқарады. Талғат Мұсабаев бұл сыннан да бәйерімен өтті.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ел үшін ғарыш саласының стратегиялық маңызы айрықша арта түсті. Бұл кезеңде ғарыш тек ғылымның ғана емес, мемлекеттің қауіпсіздігі мен беледінің де маңызы тегіне айналды. Осындай жауапты уақытта Талғат Мұсабаевтың тәжірибесі, білімі мен халықаралық деңгейдегі беделі Қазақстан үшін аса қажет болды. Ол еліміздің ғарыш саласын дамытуға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, жас кадрларды даярлауға өлшеусіз үлес қосты. Бай-қоныр ғарыш айлағының болашағы, ғарыш технологияларын игеру, ұлттық мамандарды қалыптастыру – оның өмірлік миссиясының ажырамас бөлігіне айналды.

Елге сіңірген еңбегі ескеріліп, Талғат Мұсабаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді. Бұл – жай ғана марапат емес, ұлттың оған деген шексіз сенімі мен құрметінің белгісі. Ол өз жетістіктерін ешқашан жеке басының жеңісі деп қарастырмаған емес. Керісінше, оны қазақ халқының, Қазақстан мемлекетінің ортақ жетістігі деп білді. Оның әрбір сөзі мен ісінен отансүйіштік, жауапкершілік, ғылым мен білімге деген терең құрмет айқын сезіледі.

Талғат Мұсабаев – тек ғарышкер ғана емес, инженер, басқарушы, ой-шыл тұлға. Ол ғарышты игеру – тек романтикалық ұмтылыс емес, үлкен ғылым мен технологияның, жүйелі еңбектің нәтижесі екенін дәлелдеп берді. Бүгінгі жас ғалымдар, инженерлер, ұшқыштар мен зерттеушілер үшін оның өмір жолы – нақты үлгі, айқын бағдар. Ғарыш саласына қызығатын қазақ жастары үшін Мұсабаевтың есімі үміт пен сенімнің, мүмкін еместей көрінген арманның жүзеге асуының символына айналды.

Уақыт өткен сайын Талғат Мұсабаевтың тұлғасы біктей беріледі. Оның ғарыштағы еңбегі – тарих, ал азаматтық болмысы – тұтас бір ұрпаққа өнеге. Ол аспанға көтерілді, бірақ халық жүрегінен бір сәт те алыстамады. 75 жылдық мерейтой – бір адамның ғана емес, тұтас бір дәуірдің, қазақ халқының ғарышқа нық қадам басқан кезеңінің символы. Талғат Мұсабаевтың есімі Қазақстан тарихында мәңгілікке алтын әріппен жазылып, келер ұрпаққа мақтансын болып қала береді.

Дайындаған Әсел ҚҰАНЫШ,
«Мойынқұм таңы».

ЕРЛІГІ–ЕЛ ЕСІНДЕ

ҚАЗА БОЛҒАН ОРМАНШЫЛАРДЫҢ РУХЫНА АРНАП АС БЕРІЛДІ

Осы аптаның сәрсенбесінде аудан орталығындағы «Айсымбат» мейрамханасында Мойынқұм орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің ұжымы 2023 жылдың маусым айында Абай облысындағы «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватында болған алапат өрт салдарынан қаза тапқан орманшылардың рухына арнап ас берді.



Тәғзым шарасына аудандық маслихаттың төрағасы Нұртас Саурықов, аудандың еңбек ардагерлері Бекмурат Жамбылов, Сәбит Оразымбетов, Мұратхан Естаев, сондай-ақ аудандағы «Ұланбел», «Көктерек» «Бұрыл-Байтап» орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемелерінің директорлары, орманшылық саласының ардагерлері Бодаубек Жүндібаев, Есмағамбет Тілеужанов, Асқар Оңғарбаев, Көшкімбаев Әбдірахманов және аталған мекеменің ұжым мүшелері қатысты. Жиналған қауым алдында сөз алған Сәбит Оразымбетов, Мұратхан Естаев, Бодаубек Жүндібаев, Талғат Асқаров, Есмағамбет Тілеужанов, Қайрат Мұхатаевтар бұл шараның маңыздылығына тоқталып, әріптестерін еске алу – адамгершіліктің, азаматтық жауапкершіліктің және кәсіби ынтымақтың жарқын көрінісі екенін атап өтті. Сондай-ақ олар орманшылардың ел мен табиғат алдындағы ерлігін әрдайым жадымызда сақтау – баршамыздың борышымыз екенін жеткізді.

Өз кезегінде Мойынқұм орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің директоры Бауыржан Шайшаев жиналған қоңақтарға алғысын білдіріп, шараның тағылымдық мәніне ерекше тоқталды. Сонымен қатар осы игі бастаманың ұйымдастырылуына ұйытқы болған орман өрт сөндіру станциясының бастығы Сағындықов Болат Зауытбайұлы мен орманды қорғау инженері Мұхатаев Қайрат Жүнісбекұлына арнайы ризашылығын білдірді. Шара қасиетті Құран бағыштаумен басталып, қаза тапқан азаматтардың рухына Құран оқумен аяқталды.

Аталған алапат өрт салдарынан қаза тапқан орман саласының қызметкерлерін еске сала кетуді жөн көрдік: Жібенбаева Мейрамгүл Құсайынқызы

– «Семей орманы» РММ Новошұльба филиалы Успен орманшылығының орман шаруашылығы басшысы (20.12.1989 ж.т.) Тоқтасын Серіжан Бақытбекулы – Новошұльба филиалының орманды қорғау және қорғау инженері (17.03.1996 ж.т.) Дүйсебаев Амангелді Спатайұлы – Новошұльба филиалының басқарушысы (11.12.1964 ж.т.) Губаев Алексей Григорьевич – Успен орманшылығының мемлекеттік инспекторы, орман шебері (07.02.1993 ж.т.) Фоминов Максим Владимирович – аумақтарды қорғау жөніндегі инспектор (17.08.1998 ж.т.) Нуржігітов Саят Нуржанұлы – аумақтарды қорғау жөніндегі инспектор (21.06.1972 ж.т.) Наченов Константин Сергеевич – күзет инспекторы (12.01.1983 ж.т.) Сидорин Виктор Александрович – аумақтарды қорғау жөніндегі бақылаушы (4.05.1960 ж.т.) Сидорин Александр Викторович – аумақтарды қорғау жөніндегі инспектор (11.04.1984 ж.т.) Позырев Николай Иванович – өрт сөндіру машинасының жүргізушісі (23.11.1968 ж.т.) Позырев Сергей Николаевич – орман өрт сөндірушісі (20.10.1992 ж.т.) Азамкин Петр Александрович – орман өрт сөндірушісі (15.06.1971 ж.т.) Дариев Александр Викторович – тракторшы-машинист (29.08.1974 ж.т.) Ганшин Даниил Евгеньевич – өрт сөндіру көлігінің жетекшісі (24.06.1981 ж.т.) Табиғатты қорғау жолында қаза тапқан азаматтардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды, олардың жарқын бейнесі ел жадында мәңгі сақталады.

Елдос ЕРҒАБЫЛУЛЫ,
«Мойынқұм таңы».
Суретті түсірген автор.

ҚОҒАМ

Қай қоғамда болсын отбасы – тәрбиенің, адамгершіліктің және ұлттық құндылықтардың алтын бесігі. Отбасы берік болса, мемлекет те қуатты, ел де еңселі болады. Сондықтан да «Отан – отбасынан басталады» деген дана халқымыздың сөзі бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған емес.



ОТБАСЫ – ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Отбасы – әр адамның өміріндегі ең алғашқы мектеп. Бала ең алдымен ата-анасынан мейірімділік пен жауапкершілікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренеді. Отбасында берілген тәрбие адамның бүкіл өміріне бағыт-бағдар береді. Ұлттық болашағы саналатын жас ұрпақтың бойына ұлттық салт-дәстүрді, тілді, мәдениетті сіңіру де ең алдымен отбасынан басталады.

Қазақ халқы ежелден отбасы құндылығын жоғары бағалаған. «Бала – адамның бауыр еті», «Үяде не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал-әңгіелер соның айқын дәлелі. Әке – асқар тау, ана – мейірімді бұлақ, ал бала – сол отбасының жалғасы, болашағы. Осындай берік отбасылық тәрбие ұлттың рухани тұтастығын сақтауға негіз болады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде отбасы институтының рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Қоғамдағы түрлі өзгерістер мен ақырат тасқыны кезінде баланы теріс ықпалдан қорғап, дұрыс бағытқа жетелейтін – отбасы. Ата-ананың бала тәрбиесіне бейжай қарамауы, отбасындағы өзара сыйластық пен түсіністік – ел болашағының кепілі.

Отбасы – тек бір аулеттің ғана емес, тұтас ұлттың тірегі. Әрбір берік отбасы – мықты қоғамның іргетасы. Сондықтан отбасылық құндылықтарды сақтау, ұлттық тәрбиеге басымдық беру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Қорытындылай келе, отбасыны нығайту – ұлтты нығайту. Отбасында берілген өнеге мен тәрбие арқылы ғана саналы, білімді, отаншыл ұрпақ қалыптасады. Ал мұндай ұрпақ – тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы.

Назгүл ӘЛИЕВА,
«Мойынқұм таңы».

КӨРМЕ

«АТТИЛА» ЕСІК АШТЫ

Будапешттегі Мажар Ұлттық музейінде Мажар мәдениеті күні аясында ұйымдастырылған «Аттила» атты халықаралық көрменің қонағы ретінде елімізден Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы, Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының директоры Ахан Оңғарұлы, сондай-ақ осы мекеменің жетекші ғалымдары қатысты.

Ашылу салтанатына Мажарстан Мәдениет және инновациялар министрі Балаш Ханко, Қазақстанның Мажарстандағы елшісі Абзал Сапарбекулы, Түркі академиясының президенті Шалин Мұстафаев, ТҰРКСОЙ» бас хатшысы

Сұлтан Раев, Мажар Ұлттық музейінің президенті Габор Жигмонд, «Мажар-Тұран» қорының президенті Андраш Жолт Биро, сондай-ақ Әзербайжан, Түркия, Әзбекстан, Моңғолия сынды бірқатар елдің өзбек башылары мен ғалымдары қатысты.

Халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде ұйымдастырылған көрмеде 13 елдің 64 музейінен жиналған 400-ден астам бірегей тарихи жәдігер ұсынылған. Экспозиция ғұн дәуірінен бастап бүгінге дейінгі шамамен 1600 жылдық тарихи кезеңді қамтып, Аттиланың тұлғасы мен ғұндар мұрасы әйгіленді.

Көрмеге Отанымыздан табылған ғұн дәуірінің археологиялық жәдігерлері де қойылды.

Көрме аясында «Еуропалық ғұндар және далалық археологияның соңғы жетістіктері» атты халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, оған Мажарстан, Түркі мемлекеттері және Моңғолиядан келген жетекші археологтер мен зерттеушілер қатысты. Мажар ұлттық музейіндегі «Аттила» көрмесі 23 қаңтардан 12 шілдеге дейін көпшілік назарына ұсынылады.

Дүйсенәлі ӘЛИМАҚЫН.



РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЙЫМ

Қызға қырық үйден тыю – қазақ халқының қыз баланы тәрбиелеудегі аса маңызды қағидасы. Бұл ұғым қыздың еркіндігін шектеу емес, керісінше оны әдептілікке, ибалылыққа, сабырлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында қалыптасқан.

Қазақ қоғамында қыз баланың мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті, киім киісі мен жүріс-тұрысы ерекше бақылауда болып, оның тәрбиесіне тек ата-ана ғана емес, бүкіл ауыл, үлкен-кіші ортақ жауапкершілікпен қараған. Қызға айтылған тыйымдар оның ар-намысын, қадір-қасиетін қорғауға, жаман әдеттерден аулақ болуына бағытталды. Бұл тәрбиенің түпкі мақсаты – қыз баланы болашақта саналы ана, өнегелі жар, қоғамға пайдалы тұлға етіп қалыптастыру. Бүгінгі таңда да бұл ұстаным өз мәнін жоғалтпай, қыз

тәрбиесінде рухани бағдар, ұлттық тәрбие ретінде маңызын сақтап келеді. Қызға қырық үйден тыю – ұлт тәрбиесінің алтын өзегі. Қазақ халқы қыз баланы – ұлттың ары мен намысы, болашақ аянаңның бейнесі деп ерекше қадірлеген. Сол себепті халқымызда «Қызға қырық үйден тыю» деген терең мағыналы ұғым қалыптасқан. Бұл сөз тіркесі қызды шектеп, еркіндігін тарылту емес, қайта оны әдепке, ибалылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу дегенді білдіреді. Енді оның мағынасы мен мәніне

келейік. «Қырық үй» – нақты сан емес, ол көпшілік, қоғам деген ұғымды береді. Яғни, қыз баланың тәрбиесіне тек ата-ана емес, бүкіл ауыл-аймақ, ағайын-туыс жауапты болған. Қыздың жүріс-тұрысы, сөзі, киімі, мінезі – барлығы ел назарында тұрған. Бұл қоғамның қызға деген үлкен сенімі мен жауапкершілігін көрсетеді. Бұл тыйымдардың тәрбиелік маңызы бар. Атап айтсақ, қазақы тыйымдар қыз баланы әдепсіз қылықтан аулақ болуға, ұят пен арды жоғары қоюға, өз қадірін білуге, отбасы мен қоғам алдында жауапты болуға үйреткен. Мысалы, қыздың түнде жалғыз жүрмеуі, үлкеннің сөзін бөлмеуі, артық күлмеуі – бәрі де оның абыройын қорғау мақсатында айтылған. Бүгінгі заманда бұл ұғымды ескілік деп қабылдайтындар бар. Алайда «қызға

қырық үйден тыю» қазіргі таңда тыйым салу емес, дұрыс бағыт-бағдар беру ретінде түсіндірілгені жөн. Қыз баланың білімді, еркін, бірақ сонымен қатар саналы, тәрбиелі, өзіне жауапты тұлға болып қалыптасуы – осы ұстанымның заманауи көрінісі. «Қызға қырық үйден тыю» – қазақ халқының қыз тәрбиесіне қаншалықты мән бергенінің айқын дәлелі. Бұл – қызды әлсіз санау емес, қайта оны қадірлеу, қорғау және тәрбиелеу. Ұлт болашағы – тәрбиелі ұрпақ, ал тәрбиелі ұрпақтың бастауы – ибалы қызда.

Анеля ОСПАНГАЛИ, Мыңарал орта мектебінің 11 сынып оқушысы.

МАМАННЫҢ КЕҢЕСІ

ЖРВИ МЕН ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ

ЖРВИ (жедел респираторлық вирустық инфекциялар) және тұмау – тыныс алу жолдарын зақымдайтын, өте кең таралған жұқпалы аурулар. Бұл аурулар әсіресе күз-қыс мезгілінде жиі кездеседі және балалар мен ересектер арасында тез таралады. ЖРВИ дегеніміз не? ЖРВИ – әртүрлі вирустар тудыратын аурулар тобы. Оларға риновирус, аденовирус, парагрипп вирусы және басқа да көптеген вирустар жатады. ЖРВИ көбінесе жеңіл немесе орташа түрде өтеді. ЖРВИ белгілері: Мұрынның бітелуі немесе су ағуы; Тамақтың қышуы, ауырсынуы; Жөтел; Дене қызуының аздап көтерілуі; Әлсіздік, бас ауруы Тұмау дегеніміз не? Тұмау – тұмау вирусы (Influenza) тудыратын жедел жұқпалы ауру. Ол ЖРВИ-ге қарағанда ауыр өтеді және асқынударға жиі әкелуі мүмкін. Тұмаудың негізгі белгілері: Дене қызуының 38–40°C дейін көтерілуі; Қатты әлсіздік, қалтырау; Бас, булшықет және буындардың ауыруы; Күрғақ жөтел; Көздің ауырсынуы; Жуғу жолдары: ЖРВИ мен тұмау көбінесе: ауа-тамашы жолымен (жөтелу, түшкіру кезінде); тұрмыстық жолмен (лас қол, ортақ заттар арқылы) жұғады. Асқынуды емделмеген немесе дұрыс күтім

болмаған жағдайда мынадай асқынулар дамуы мүмкін: бронхит; пневмония; синусит; Әсіресе балалар, жүкті әйелдер, қарт адамдар және иммунитеті төмен жандар үшін тұмау қауіпті. Емі: ЖРВИ мен тұмауды емдеуде: төсектік режим; мол сұйықтық ішу; симптоматикалық ем (қызу түсіретін, жөтелге қарсы дәрілер) қолданылады. Антибиотиктер тек дәрігердің нұсқауымен ғана тағайындалады, себебі олар вирустарға әсер етпейді. Алдын алу шаралары: Аурудың алдын алу үшін: жеке гигиенаны сақтау; қолды жиі жуу; науқастармен қарым-қатынасты шектеу; бөлмені жиі желдету; дұрыс тамақтану, иммунитетті күшейту; құмауға қарсы вакцина салдыру маңызды. Қорытынды: ЖРВИ мен тұмау – кең таралғанымен, дұрыс күтім мен алдын алу шараларын сақтағанда жеңіл өтетін аурулар. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, алғашқы белгілер пайда болғанда дәрігерге қаралу – асқынудардың алдын алудың ең тиімді жолы. Фариза ҚАЛЫБАЙ, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Қыс қаһарына мініп, судың беті көк тайғақ мұзға айналды бастады. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген даналықт ұстана отырып, осы тоңның қырық, тосын мінез танытуынан қорғану амалдарын сіздерге ұсынғалы отырмыз.

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ

Мұздың қаттылығын көзбен-ақ көріп байқауға болады, егер мұздың түсі көгілдір болса-берік, ақ болса беріктігі-2 есе аз дегенді білдіреді. Ал егер мұздың түсі ақшыл сұр, күңгірттеу болса, бұл мұздың үстімен жүру тұрмақ маңайына жоламаған жөн. Мұз үстіне қас қарайған шақта және ауа-райы қолайсыз кезде (тұман, қар, жауабыр) мүлдем шықпаңыз. Мұздың беріктігін аяқпен теуіп тексеруге болмайтынын ұмытпаңыз. Егер, бірінші тепкеннен аз мөлшердегі сүкерінсе немесе мұз бетінде аз кем жарықшалар пайда болса, мұз жұқа және оның үстімен жүруге болмайды. Бұл жағдайда міндетті түрде судың жағасына келген ізіңізбен кері қайтыңыз. Аяғыңызды иық тұсымен мұздан алмай, жеңіл адымдап жүріңіз, себебі қуып бір нүктеге түспеуі керек. Топ болып мұздан өтетін болсаңыздар, мұзға аса ауырлық салмайтындай етіп, араларыңызды 5-6 метр арақашықтықта ұстаңыздар. Қатқан өзенді (көлді) шаңғымен өткен дұрыс. Бірақ есіңізде болсын ақырын қозғалыңыз және шаңғының ілмегін қолыңызға ілмеңіз, себебі қауіп туындағанда шешесіз қалуыңыз

Қ. ИШАНБЕКОВ, аудандық ТЖ бөлімінің аға анықтаушысы, азаматтық қорғау лейтенанты.

СПОРТ

АЛАН ҚОС ҚОЛАМЕН ОРАЛДЫ



Еліміздің танымал теннисшісі Алан Құрманғалиев Қатар астанасы – Дохада ұйымдастырылған «WTT WTT Youth Star Contender» турнирінен олжалы оралды. Жекелеген сайыста 19 жастағы қарағандылық дарынды ойыншы қатарынан бес бәсекеде басымдық танытып, жартылай финалға дейін жетті. Бұл жеке оны командалық есепте жастар арасындағы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, үндістандық Абхинандх Прадхивадхи күтіп тұрды. Өкінішке қарай, бұл бәсекеде Алан қарсыласына 0:3 (7:11, 11:13, 9:11) есебімен есе жіберіп, қола медальды иеленді. Одан кейін қандасымыз литвалық Игнас Сисановаспен бірге жұптық сайыста сығна түсті. Бұл ретте де олар өздерін жақсы қырларынан көрсетіп, үшінші орынға табан тіреді. Сөйтіп, А.Құрманғалиев Парсы шығанағынан елге қос қола жүлдемен оралды. Ғалым СҮЛЕЙМЕН.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА

«ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ» АКЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ



Мойынқум ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы салық төлеушілерге ақпараттық-түсіндіру және қолдау бөрсету мақсатында «Халық бухгалтері» акциясын өткізуде. Акция барысында азаматтарға салық заңнамасы бойынша кеңес беріліп, туындаған сұрақтарға жауаптар ұсынылады. Іс-шара дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін ұйымдастырылады. Акцияның өткізілу орны: Мойынқум ауданы, Б. Омаров көшесі, №6. Назгул ӘЛИЕВА, «Мойынқум таңы».

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖК «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd» «Жамбыл облысындағы «Шығанақ» учаскесінде L-43-100-(10E-5r-1), L-43-100-(10E-5r-6), L-43-100-(10E-5r-7) (частично), L-43-100-(10E-5r-8) (частично), L-43-100-(10E-5r-9) (частично), L-43-100-(10E-5b-4), L-43-100-(10E-5b-5) блоктар бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» әсер етуге рұқсат алу материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Әсер етуі мүмкін аумақ: Жамбыл облысы, Мойынқум ауданы, Шығанақ ауылдық округі, Шығанақ ауылы, Шығанақ ауылдық клубының ғимараты, Абай 1 көшесі мекенжайы бойынша өтеді. Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар QOSYL платформасында бейне-конференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=927292631286 Идентификатор конференциясы: 927-292-631-286 Танысыр беруші: «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd» ЖК, БСН 241140900225, Астана қаласы Есіл ауданы, Сығанақ көшесі 45, директоры- ғылымбек Мұралбек, тел: 8-771-834-90-42, daumbekova@mail.ru. Жоба құжаттамасымен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайтында https://hearings.ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Жамбыл облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru сайтында танысуға болады. Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: «РудПроект» ЖШС, Астана қ., Ақарыс 37, тел. 8771181401. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, «Жамбыл облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш. 133А, тел: 8(7262)45-15-03, 8(7262)43-67-87, s.agabek@zhambyl.gov.kz. Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы келесі ұсыныстармен қаралатын болады: «Мойынқум таңы» газеті, «NS» радиостанциясы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЖК «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd» проводит общественные слушания по материалу для получения разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых участка «Шығанақ» на блоках: L-43-100-(10E-5r-1), L-43-100-(10E-5r-6), L-43-100-(10E-5r-7) (частично), L-43-100-(10E-5r-8) (частично), L-43-100-(10E-5r-9) (частично), L-43-100-(10E-5b-4), L-43-100-(10E-5b-5) в Жамбылской области». Территория, на которое может быть оказано воздействие: Жамбылская область, Мойынқумский район, село Шығанақ. Географические координаты участка: 1)73° 53' 00" В.Д. 45° 05' 00" С.Ш.; 2)73° 56' 00" В.Д. 45° 05' 00" С.Ш.; 3)73° 56' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 4)73° 59' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 5)73° 59' 00" В.Д. 45° 03' 00" С.Ш.; 6)73° 55' 00" В.Д. 45° 03' 00" С.Ш.; 7)73° 55' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 8)73° 53' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш. Слушания состоятся 12.03.2026 в 12.00ч по адресу Жамбылская область, Мойынқумский район, Чиганакская п.а., п.Шығанақ, ул.Абая 1, здание сельского клуба Шығанақ. При себе необходимо иметь удостоверение личности. Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе QOSYL: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=927292631286 Идентификатор конференции: 927-292-631-286 Заказчик-инициатор: ЧК «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd», БСН 241140900225, г. Астана, р-н Есіл, ул. Сығанақ, зд. 45, директор- ғылымбек Мұралбек, тел: 8-771-834-90-42, daumbekova@mail.ru С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР https://hearings.ndbecology.gov.kz/, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по Жамбылской области: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru. Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РудПроект» г. Астана, улица Ақарыс 37, тел. 8771181401. Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по Жамбылской области», Жамбылская область, г. Тараз, ул. Абая 133А, тел: 8(7262)45-15-03, 8(7262)43-67-87, s.agabek@zhambyl.gov.kz. Оъявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами: Газета «Мойынқум таңы», радиостанция «NS».

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖК «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd» «Жамбыл облысындағы «Шығанақ» учаскесінде L-43-100-(10E-5r-1), L-43-100-(10E-5r-6), L-43-100-(10E-5r-7) (частично), L-43-100-(10E-5r-8) (частично), L-43-100-(10E-5r-9) (частично), L-43-100-(10E-5b-4), L-43-100-(10E-5b-5) блоктар бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Әсер етуі мүмкін аумақ: Жамбыл облысы, Мойынқум ауданы, Шығанақ ауылы. Учаскенің географиялық координаттары: 1)73° 53' 00" В.Д. 45° 05' 00" С.Ш.; 2)73° 56' 00" В.Д. 45° 05' 00" С.Ш.; 3)73° 56' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 4)73° 59' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 5)73° 59' 00" В.Д. 45° 03' 00" С.Ш.; 6)73° 55' 00" В.Д. 45° 03' 00" С.Ш.; 7)73° 55' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 8)73° 53' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш. Тыңдаулар 12.03.2026 сағат 10.00-да Жамбыл облысы Мойынқум ауданы Шығанақ ауылдық округі, Шығанақ ауылы, Шығанақ ауыл клубының ғимараты, Абая 1 көшесі мекенжайы бойынша өтеді. Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар QOSYL платформасында бейне-конференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932166114644 Идентификатор конференциясы: 932-166-114-644 Танысыр беруші: «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd» ЖК, БСН 241140900225, Астана қаласы Есіл ауданы, Сығанақ көшесі 45, директоры- ғылымбек Мұралбек, тел: 8-771-834-90-42, daumbekova@mail.ru. Жоба құжаттамасымен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайтында https://hearings.ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Жамбыл облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru сайтында танысуға болады. Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: «РудПроект» ЖШС, Астана қ., Ақарыс 37, тел. 8771181401. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, «Жамбыл облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш. 133А, тел: 8(7262)45-15-03, 8(7262)43-67-87, s.agabek@zhambyl.gov.kz. Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы келесі ұсыныстармен қаралатын болады: «Мойынқум таңы» газеті, «NS» радиостанциясы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЖК «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях к «Плану разведки твердых полезных ископаемых участка «Шығанақ» на блоках: L-43-100-(10E-5r-1), L-43-100-(10E-5r-6), L-43-100-(10E-5r-7) (частично), L-43-100-(10E-5r-8) (частично), L-43-100-(10E-5r-9) (частично), L-43-100-(10E-5b-4), L-43-100-(10E-5b-5) в Жамбылской области». Территория, на которое может быть оказано воздействие: Жамбылская область, Мойынқумский район, село Шығанақ. Географические координаты участка: 1)73° 53' 00" В.Д. 45° 05' 00" С.Ш.; 2)73° 56' 00" В.Д. 45° 05' 00" С.Ш.; 3)73° 56' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 4)73° 59' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 5)73° 59' 00" В.Д. 45° 03' 00" С.Ш.; 6)73° 55' 00" В.Д. 45° 03' 00" С.Ш.; 7)73° 55' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш.; 8)73° 53' 00" В.Д. 45° 04' 00" С.Ш. Слушания состоятся 12.03.2026 в 10.00ч по адресу Жамбылская область, Мойынқумский район, Чиганакская п.а., п.Шығанақ, ул.Абая 1, здание сельского клуба Шығанақ. При себе необходимо иметь удостоверение личности. Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе QOSYL: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932166114644 Идентификатор конференции: 932-166-114-644 Заказчик-инициатор: ЧК «Kazakhstan Discover Mining Company Ltd», БСН 241140900225, г. Астана, р-н Есіл, ул. Сығанақ, зд. 45, директор- ғылымбек Мұралбек, тел: 8-771-834-90-42, daumbekova@mail.ru. С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР https://hearings.ndbecology.gov.kz/, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по Жамбылской области: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru. Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РудПроект» г. Астана, улица Ақарыс 37, тел. 8771181401. Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по Жамбылской области», Жамбылская область, г. Тараз, ул. Абая 133А, тел: 8(7262)45-15-03, 8(7262)43-67-87, s.agabek@zhambyl.gov.kz. Оъявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами: Газета «Мойынқум таңы», радиостанция «NS».

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ Бас директор - Олжас ИЕНБЕРГЕН Бас редактор - Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ moynqum.kz moinkum_tani@mail.ru

МЕНШІК ИЕСІ: "Мойынқум аудандық "Мойынқум таңы" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы, Мойынқум ауданы, Мойынқум ауылы, Амангелді көшесі №68 "Г"

ТЕЛЕФОНДАР: Бас редактор 2-49-30 /факс/ Бас редактордың орынбасары 2-14-06 Тілші 2-49-11

Газет антасына 2 рет сейсенбі, жұма күндері шығады. Редакция автордың қозғарсы мен жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖШС баспаханасында басылады. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б. Есеп шот: KZ65601A161000012151, АК "Halyk Bank"

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №12952-Г куәлік берілген (02.08.2012ж. Астана қаласы) Таралымы 2977 Танысыр №89